

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 тамыздағы N 884 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 қаңтардағы N 28 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.10.29. N 1001 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.10.29. N 1001 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Телекоммуникациялардың әмбебап қызметтеріне арналған тарифтерді қайта теңдестіру жоспарын және олардың әмбебап қызметтеріне арналған тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 тамыздағы N 884 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Телекоммуникациялардың әмбебап қызметтеріне арналған тарифтерде:

реттік нөмірі 1.1-жолдың 2-бағаны "негізгі" деген сөзден кейін "/қосарланған" деген сөзбен толықтырылсын;

реттік нөмірі 1.1.1-жолда:

1) тармақшаның 3-бағанындағы "440" деген сандар "440/345" деген сандармен ауыстырылсын;

2) тармақшаның 3-бағанындағы "248" деген сандар "248/208" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 1.1.2., 1.1.3., 1.2.1., 1.2.2., 1.2.3-жолдарда 3-бағандағы "674", "1093", "219", "541", "874" деген сандар тиісінше "674/535", "1093/874", "219/154", "541/426", "874/702" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 1.2-жолдың 2-бағаны "бір" деген сөзден кейін "негізгі/қосарланған" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 2-жолдың 2-бағанындағы "әрбір толық және толық емес минуты" деген сөздер "әрбір толық және толық емес 10 секунды" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 2.1., 2.2., 2.3-жолдарда 3-бағандағы "9,0", "14,3", "24,2" деген сандар тиісінше "1,50", "2,38", "4,03" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК